ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

/Қ Ы С Қ А Ш А/

2023 жыл 25 қыркүйек № 3115-23-00-2/1877іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.І.Бөлегенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы №1 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Nartai Industries» жеке кәсіпкері атынан әрекет ететін Айдарбек Даниал Талғатұлы

ТАЛАП КОЮШЫНЫН ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 -бабын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы №1 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Nartai Industries» жеке кәсіпкері атынан әрекет ететін Айдарбек Даниал Талғатұлына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы- қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Nartai Industries» жеке кәсіпкері атынан әрекет ететін Айдарбек Даниал Талғатұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Nartai Industries» жеке кәсіпкері атынан әрекет ететін Айдарбек Даниал Талғатұлынан мемлекет пайдасына 1725 (бір жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер осы сот шешімінің көшірмесін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа осы шешімді бұзу туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г. И., 25.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 06.11.2023, судья Булегенова Г. И., 06.11.2023
3115-23-3-1/2217

тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Шешім 2023 жылы 25 қыркүйекте дайын болды.

Судья Г.І.Бөлегенова

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г. И., 25.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 06.11.2023, судья Булегенова Г. И., 06.11.2023

3115-23-3-1/2217